ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 27 тамыз №5165-24-00-2/2094 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.Рүстем, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Қаратау мемлекеттік табиғи қорығы» республикалық мемлекеттік мекемесі.

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Бақыт» Сайтметова Назира Темирбаевна.

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысу деп тану.
2. Тұрақсыздық айыппұлды өндіру.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып,**сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Қаратау мемлекеттік табиғи қорығы» республикалық мемлекеттік мекемесі талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Бақыт» Сайтметова Назира Темирбаевна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Бақыт» Сайтметова Назира Темирбаевнадан мемлекеттің пайдасына 392 (үш жүз тоқсан екі) теңге тұрақсыздық айыппұл мен 1 858 (бір мың сегіз жүз елу сегіз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Рүстем Б. М., 29.08.2024
Заңды күшіне енген күні: 05.10.2024, судья Рүстем Б. М., 09.10.2024

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Б.Рүстем**

Құжатқа қол қойылған: Рүстем Б. М., 29.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 05.10.2024, судья Рүстем Б. М., 09.10.2024